


ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА - 85 ЖЫЛ!

Оқи отырыңыз! Тарихтан хабар

 Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары С.Мадиеваның “Облыс қалай құрылды?” атты мақаласы облыстық “Ақ жол” газетінің №29 санына жарық көрді.

#archive2025



Облыстық архивінің қызметкерлері сейсможаттығудан өтті



“Архив - 2025” бағдарламасы бойынша Қордай ауданының мемлекеттік архивінің жаңа

Ғимаратының ашылу салтанаты

<https://www.zhambyl-archive.kz/wp-content/uploads/2023/12/what-sapp-video-2023-12-26-at-09.52.39.mp4>

Жамбыл облысы мемлекеттік архив директорының орынбасары А.Тыныбекова архив саласына сіңірген еңбегі үшін ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.



ҚОРДАЙ АУДАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІ ҒИМАРАТЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ

Архив – мемлекеттік маңызы бар тарихи құжаттарды сақтайтын мекеме. Шежіреге толы, халқымыздың өткені мен бүгінгі асыл қазынасы.

Қордай ауданының мемлекеттік архиві аудандық атқару комитетінің 1987 жылы 8 қаңтардағы шешімімен «Қордай ауданының атқару комитетінде жеке құрам бойынша шаруа есептік архиві» болып ұйымдастырылды.

Мекеме «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы №326-1 ҚР Заңын, «Архив-2025» жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын, архив саласын дамыту, қызметін жетілдіру, архивтік құжаттарды цифрлық форматқа көшіру мен электронды архив жүйесін енгізуді және аудандағы кәсіпорындар мен ұйымдардың, совхоздар мен колхоздардың архивтік құжаттарын мемлекеттік сақтауға алып, азаматтар мен мекемелердің әлеуметтік –құқықтық және басқа да сұранымдарына жауап береді. Қазіргі таңда мекеме қорында 180 қор, 52836 сақтау бірлігі есепте тұр.

Архив қоймаларының жалпы толу дәрежесі 88%, бүгінгі күнге 1 облыстық, 7 аудандық архив қоймалары 100 % толған. Қазіргі уақытта құжат қабылдауға мүмкіншілік жоқ. Осыған орай, заманауи типтік тұрғыда Қордай ауданының архивіне жаңа ғимарат салынды. Архив ғимараты 2 қабаттан тұрады. Жалпы ауданы 821,5 шаршы метрді құрайды. Бірінші қабатта: 1 қойма, 1 құжаттарды қабылдау бөлмесі, 1 қызметкер бөлмесі орналасса, екінші қабатта 1 қойма, 1 конференц залы, 5 қызметкерлер бөлмесі мен 1 құжаттарды қайта қалпына келтіру (реставрация) бөлмесі орналасқан.

Жаңа ғимараттың ашылу салтанаты басшылардың лентаны қию рәсімімен басталып, Қордай аудандық мемлекеттік архивінің тыныс-тіршілігімен, атқарған жұмыстарымен және ғимарат ішкі көріністерімен тамашалаумен жалғасты.

Ғимараттың екінші қабатында архив қорында сақтаулы Д.Қонаевтың Қордай жеріне жасаған іс-сапарлары, халық ақыны, күміс көмей әнші әрі композитор Кенен Әзірбаевтың жеке, отбасылық суреттері, Қордай жерінің топырағы жөніндегі экспедициялық карта, аудандық өнеркәсіп комбинаты, мәдениет үйі, қонақ үйі құрылысы, 1970 жылы салынған Кожкомбинат клубы, аудандық аурухана, автомобилді базасы, Георгиевка су электр станциясының бөгеті, су электр станциясының ғимараты, кожкомбинат жұмысшысы тері өңдеу сәті, 1930 жылғы Шөміш плотинасын салу жобасы секілді құжаттар көрмесі көрсетілді. Іс-шараға Қордай ауданының әкімі Болатбеков Бекзат Сейсенқұлұлы, аудандық «Аманат» партиясының төрағасы Жамангозов Бейқұт Тлебалдыұлы, Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті төрағасының орынбасары Қарсақбаева Гүлзира Елібайқызы, Жамбыл облысы, Қордай ауданының зиялы қауым өкілдері, Алматы, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстық архивтерінің басшылары, Алматы, Шымкент, Тараз қалалық және аудандық архивтерінің басшылары, облыстық архив саласының ардагерлері және жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.





**Жамбыл облысы мемлекеттік
архив директорының орынбасары
А.Тыныбекова архив саласына
сіңірген еңбегі үшін ҚР
мәдениет және ақпарат**

министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.



22 желтоқсан –Архив күні.

Жалпы архив ежелден пайда болған. Оған баз-бір мемлекеттерде бар адамзат игілігіне айналған көне де құнды жазба дүниелері десек жарасады. Тарихта өткен дәуірлерге жүгіну үшін тарихи көне жәдігерлер баршылық. Қазақ даласында да бай кітапханалар болған. Олар шапқыншылық кезінде талан-таражға ұшырап, немесе қираған сарайлар астында қалған. Оған Тараз, Отырар, Сауран т.б. шаһарлардың бастан кешкен аянышты тағдырлары куә.

Өркениетке ілескен Қазақстанда архив саласы даму үстінде. Мемлекет тарапынан көңіл бөлініп отыр. Онда халқымыздың тарихына байланысты, әр дәуірдегі баға жетпес құнды құжаттар баршылық . Тәуелсіз Қазақстанның жасампаз тарихи сәттері де архив төрінен орын алуда.

Архив күні құтты болсын, құрметті әріптестер!!!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНІЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ



22 ЖЕЛТОҚСАН

АРХИВШІ КҮНІ